

СОВМЕСТНО С ГЛОБАЛЬНЫМ ЛИДЕРОМ В ОБЛАСТИ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ МЫ НАЧИНАЕМ ЦИФРОВУЮ ТРАНСФОРМАЦИЮ ҚТЖ, БУДЕМ СТРОИТЬ ИННОВАЦИОННУЮ ИНФРАСТРУКТУРУ ДЛЯ ПЕРЕДАЧИ ДАННЫХ, МОДЕРНИЗИРУЕМ ХРАНЕНИЕ И ОБРАБОТКУ ИНФОРМАЦИИ. ПАРТНЕРСТВО С HUAWEI ОТКРЫВАЕТ НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТРАНСПОРТНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА И РЕГИОНА В ЦЕЛОМ.

Ануар АХМЕТЖАНОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по стратегии



№47 (2864)
13/06/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ТІЛСІЗ ЖАУМЕН КҮРЕС ЖАЛҒАСУДА...

Бүгінде бүкіл ел назары шығыста. «Семей орманы» табиғи резерватында маусымның 8-і күні басталған алапат өртпен күрес жалғасып жатыр. Жағдай әлі де күрделі. Жексенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Семей қаласына келіп, апат ауқымын көзімен көрді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Барша республика жұртшылығының қабырғасын қайыстырған қайғыға душар еткен тілсіз жау 60 мыңнан астам гектарға жуық орман алқабын қызыл жалынға орап, өртпен күрестің алғы шебінде жүрген 14 орманшы қаза тапты. ҚР Президентінің Жарлығымен маусымның 12-і күні – жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланды.

Мемлекет басшысы өрттен қаза тапқандардың жақындарымен жүздесіп, көңіл айтты. Сондай-ақ Президент Жарлығымен орын алған төтенше жағдайда көрсеткен жанқияр ерлігі үшін олардың барлығы «Құрмет» орденімен марапатталды.

Қазіргі таңда өртті сөндіру жұмыстары үш бағытта жүргізілуде. Өртпен күреске 1500 адам, 14 тікұшақ қатысуда. Өрт сөндірушілер мен тікұшақтар суды орман жанындағы Ертіс өзенінен алууда. Жағдай әлі де күрделі саналады. Алдын ала жасалған болжам бойынша орман өртінің тұтануына найзағай себеп болған. Ауа температурасының аса жоғары болуы мен аңызға жаналықпен тез өршуіне алып келген. Алғашқы тәуліктің өзінде-ақ жергілікті орманшылармен бірге ТЖМ, Қорғаныс министрлігі,



ІІМ, ЭТРМ және атқарушы органдардың күштері жұмылдырылғанымен, апатты жою ойдағыдай нәтиже берген жоқ. Оған күшейген желдің әсерінен өрттің сәт сайын бағытын өзгертуі кедергі болған.

Маусымның 9-ы күні жарияланған жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайға байланысты Семей станциясындағы өрт сөндіру пойызы толық дайындық сапында. Семей ЖТ бөлімшесінің азаматтық қорғаныс бөлімі де шұғыл жағдайда әрекет етуге дайын тұр.

Алапат өрт дәл қазіргі күндері теміржол нысандарына, пойыздар қозғалысына қауіп төндіріп тұрған жоқ. Апат аймағынан шамамен 130-160 шақырымдай қашықтықта орналасқан Суықбұлақ – Шар тегімінің бойын желдің бағытымен жеткен қою қара түтін басқанымен, тепловоздар жүрісіне

кедергі тудырмады. Пойыз диспетчерлері жағдайды толық бақылауда ұстауда. Апаттан зардап шеккендер арасында теміржолшылар жоқ, дегенмен өртке жақын орналасқан елді мекендер тұрғындары арасында теміржолшылар бар. Олар қазіргі таңда отбасымен қауіпсіз орындарға көшірілген. ТЖМ деректеріне сүйенсек, үш бағытта таралған өрт жақын елді мекендерге де қауіп төндірген. Алайда, авиацияның іске қосылуымен қауіптің беті сейілді. Сақтық мақсатында Қаштақ, Успенка, Талица сынды елді мекендер тұрғындары Семей қаласы мен Бородулиха ауылына эвакуацияланды.

Қазіргі таңда төтенше жағдай режимі аясында теміржол нысандарын бақылау, өрт қауіпсіздігін сақтау шаралары күшейтілген. Жағдай Семей ЖТ басшысының бақылауында.

Форум

ОРТА ДӘЛІЗ: Еуразиялық байланысты нығайту

Елордада өткен апта соңында екі күн қатарынан дәстүрлі Астана халықаралық экономикалық форумы өтті. Әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің практикалық және тиімді шешімдерін табуда ортақ мақсатқа біріктіретін маңызды іс-шараның екінші күні «Орта дәліз: Еуразиялық байланысты нығайту» атты панельдік сессия болып, әлемдік сарапшылар Транскаспий халықаралық көлік бағдары жұмысының тиімділігін арттыру жайын талқылады.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Форумның бірінші күнінде пленарлық сессияға қатысқан ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық экономиканың қазіргі жай-күйі мен өңірлік ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасу үшін аталған форумның маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекет басшысы бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен қазіргі заман өркениетінің сын-кәтерлеріне назар аударып, Астана халықаралық форумы миссиясының бес негізгі міндетіне тоқталды.

Екінші күні өткен «Орта дәліз: еуразиялық байланысты нығайту» атты панельдік сессияға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев қатысты. Онда жетекші әлемдік сарапшылар Транскаспий халықаралық көлік бағдары жұмысының тиімділігін арттыру жайын талқылап, Қазақстанның транзиттік хаб ретіндегі рөлін атап өтті. ҚТЖ басшысы 2023 жылдың өткен 5 айында Қазақстан арқылы транзиттік тасымал көлемі 42% артқанын жеткізді.

– Бұл бағдардағы магистраль мен ин-



фрақұрылым біз үшін аса қымбат. Осы тұрғыда ұзақмерзімді жоспарларымыз бар, ең басты бағыттардың бәріне мемлекеттен қаржы бөлінеді. Соңғы жобалардың бірі – Достық-Мойынтың екінші жолдарының құрылысы. Біз жылына 600 км жуық жаңа жолдар салуды жоспарлап отырмыз. Осы арқылы Қазақстан аумағындағы «тар» жолдар мәселесі шешіледі деп санаймын. Осы дәліз бойындағы тасымалға мүдделі

компаниялармен жақсы қарым-қатынас орнатылған. Сонымен қатар көршілес елдердің теміржол әкімшіліктерімен де және осы дәлізді құру бойынша барлық халықаралық ұйымдармен де тығыз байланыстамыз. Жалпы біз қашан да барлық тиімді ынтымақтастыққа ашықпыз, – деді ҚТЖ басқарма төрағасы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК (Жалғасы 2-бетте)

ЕcoPort Курык

Порт Курык получил сертификат ЕcoPort, что даст ему статус зеленого порта, интегрированного в транспортную систему Европы.



Любовь РОВБА,
Астана

Соответствующий документ на Международном форуме в Астане генеральному директору ТОО «Порт Курык» Серику Ахметову вручили генеральный секретарь ОБСЕ Хельга Мария Шмид и министр

экологии и природных ресурсов Зульфия Сулейменова.

ЕcoPorts – главная экологическая инициатива европейского портового сектора. Он был инициирован несколькими активными портами в 1997 году и с 2011 года полностью интегрирован в Европейскую организацию морских



портов (ESPO). Основовоплагающим принципом ЕcoPorts является создание равных условий для окружающей среды посредством сотрудничества и обмена знаниями между портами.

ВАГОН ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Жыл басынан бері «Қазтемір-транс» АҚ паркінің 3 мыңнан астам жүк вагоны жөндеудің жоспарлы түрлерінен өткен.

Жұмыс паркіндегі вагондар санын ұлғайту мақсатында вагондарды сервистік қызмет көрсетуге ауыстыру арқылы жөндеу жұмыстары қосымша ұйымдастырылып отыр. Сондай-ақ вагондарды ағымдық ағытып алып жөндеу және пайдалану мерзімін ұзарта отырып деполық жөндеуден өткізу бойынша жұмыстарды сатып алу жүргізілуде. Әдетте, вагондар өнімділігінің артуына вагон айналымы әсер етеді, алайда ол жүк жөнеуі үшін тиеу/түсіру уақытына, Қазақстан аумағындағы пойыздар қозғалысының жылдамдығына тәуелді.

Кәсіпорын тарапынан вагондар айналымын оңтайландыру үшін бірқатар шаралар қабылданған. Атап айтқанда вагондардың, оның ішінде жолдағы және жүк операциялары кезінде бос тұрған вагондардың айналымын бақылау арқылы вагондар паркін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, тасымалдау маршруттары, қайтару мен жолай жүк тиеуімен есепке алатын логистикалық схемаларды құру.


«Төмен айналым» бағыттарында паркті пайдалану бойынша уақыттылығы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ете отырып, айналым көрсеткіштерін жақсарту жоспарланып отыр.

Ислам ТАЛПАТ, Астана

Сертификат предусматривает создание цифровой платформы для облегчения обмена информацией между портами Казахстана, Туркменистана и Азербайджана. А эта система, в свою очередь, будет подключаться к крупным и современным портам Европы.

Проект поддерживается ОБСЕ и некоторыми европейскими странами, с учетом имеющегося потенциала для развития транспортного и энергетического сотрудничества с государствами Каспийского региона.

Сертификат ЕcoPort откроет для порта Курык новые возможности и позволит повысить эффективность и скорость грузоперевозок.



Сағат ҚАБИЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат
департаментінің бас менеджері:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ТАРА-
ПЫНАН БИЫЛ АҚПАН
АЙЫНЫҢ БАСЫНДА
2023-2024 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ESG РЕЙТИН-
ГІН ЖАҚСARTY БОЙЫНША
ЖОЛ КАРТАСЫ ҚАБЫЛ-
ДАНДЫ. ОҒАН ҚОРШАҒАН
ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА
ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫСТАР
МЕН ІС-ШАРАЛАР ЛЕГІ
ЕНГІЗІЛДІ. ОЛАРДЫҢ ҚА-
ТАРЫНДА ЖЕРГІЛІКТІ
ЛАСТАНУДЫҢ АЛДЫН
АЛУ, КӨМІРТЕК ІЗІН
ТӨМЕНДЕТУ ШАРАЛАРЫ
БАР».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛҒЫ МАМЫР АЙЫНДА

600 мың
ТОННАҒА

ЖУЫҚ БИДАЙ
ЭКСПОРТТАЛЫП, БАСЫМ
БӨЛІГІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ
ЕЛДЕРІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

АТЫРАУ МАГИСТРАЛЬДЫҚ
ЖЕЛІ БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША
2023 ЖЫЛЫ

149,2 км

ЖОЛ БОЙЫН МАЛДАН ҚОРҒАУ
ҮШІН ҚОРШАУ ОРНАТУ
ЖОСПАРЛАНУДА.

БҮГІНДЕ САРЫҚҰМ
СТАНЦИЯСЫНДА
ДОСТЫҚ-МОЙЫНТЫ ЕКІНШІ
ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУҒА

116

ШАҚЫРЫМҒА ЖУЫҚ РЕЛС-
ШПАЛ ТӨРКӨЗІ ДАЙЫН ТҮР.

ТАҒЫ ҮШ БАҒДАР ҚОСЫЛДЫ

 **Нұрбек БЕКЕН,**
Астана

СЕРВИС

«Жолаушылар тасымалы» АҚ әйелдер вагондарына сұраныстың артуына байланысты қозғалыс географиясын кеңейтуді жалғастыруда.

Мұндай вагондар №3/4 «Астана-Алматы», №33/34 «Алматы-Ақтөбе» және №71/72 «Астана-Шымкент» бағытындағы үш пойыздың құрамына енгізіледі. Пилоттық режимде бұл қызмет 2021 жылы енгізілген. Әйелдер вагондарындағы қозғалыс жайлылығын бірінші болып №77/78 «Алматы-Маңғыстау» және №351/352 «Алматы-Өскемен» пойыздарының жолаушылары бағалады. 2022 жылдың ақпан айынан бастап компания әйелдер вагондарының санын арттырды. Олар №37/38 «Маңғыстау – Семей», №47/48 «Астана – Атырау» және №45/46 «Павлодар – Түркістан» пойыздарының құрамында жүре бастады.

ТАРИХИ ҒИМАРАТ ЖАҢҒЫРТЫЛМАҚ

 **Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ЖӘДІГЕР

Бүгінде салынғанына 118 жыл болған Қызылорда теміржол вокзалы реконструкциялаудан өтеді.

Бұл туралы жақында Астанада «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» деген тақырыпта өткен брифингте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәлімдеді.

– Тұрғын үй саласын, инженерлік инфрақұрылымды дамытуда да оң нәтижелеріміз бар. «Қазақстан темір жолы» компаниясымен бірлесіп Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалын қайта құрылымдау мен жаңғырту жұмыстарын бастап жатырмыз. Оған 873 млн теңге қаржы қарастырылды, – деді облыс әкімі.

Тарихи ғимараттың іргетасы Орынбор-Ташкент магистралінің салынуымен 1900-1905 жылдар аралығында қаланған. Кейіннен жанынан 1969 жылы үш қабатты жаңа вокзал салынып іске қосылды. Бір кездері Перовский аталған Қызылорданың ең әдемі ғимараттарының бірі болған вокзалды салуға Ресей императоры Николай II мұрындық болған дейді тарихи жазбалар. Вокзал ғимараты өзінің керемет әдемі сәулетімен, сапасымен ерекшеленді. Орынборда осы вокзал үшін қызыл кірпіш жасалып жеткізілген, ал кірпішті құю кезінде оның беріктігін арттыру үшін жылқының қылы қосылған деген аңыз бар. Дегенмен ғасырдан астам тарихы бар жәдігер ғимарат қайта құру жұмыстарын қажет етеді. Сондықтан әкімдік пен ҚТЖ және мердігер компанияларды анықтап, тарихи ғимаратты қайта жаңғыртуды қолға алып отыр.

АПАТТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

 **Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ҚАУІПСІЗДІК

Ақтөбе-2 станциясының өткел кезекшісі пойыз бен автокөлік апатының алдын алды. Сын сағатта жылдам да батыл қимылдап, оң шешім қабылдай білген теміржолшы марапатқа ұсынылды.



Өткел кезекшісі Аслан Хасанов келе жатқан пойызға дер кезінде тосқауыл сигналын қосып, оның көліктермен соқтығысуының алдын алған. Оқиға Ақтөбе-2 станциясының күзетілетін өткелінде тіркелді.

Жол-көлік оқиғасы орын алған кезде өткелге жүк пойызы жақындап қалған еді. Қауіпті түсінген Аслан Хасанов құрамның жолын бөгеу үшін тосқауыл дабылын қосу туралы шешім қабылдады. Ол өзінің әрекеттері туралы пойыз жүргізушісімен байланысқан станция кезекшісіне хабарлап, бірден тәртіп бойынша тиісті шараларды қабылдаған. Әріптестері теміржолшының жеделдігінің арқасында соқтығысудың болмағанын айтады.

«Ақтөбе-2 станциясының Әуежай өткелінде жол-көлік оқиғасы орын алды. Темір жол бойының аумағында жеңіл көліктер түйісті. Сол күні өткелде тұрған кезекші Аслан Хасанов бірден келе жатқан пойызды тоқтатып, үлкен апаттың алдын алды», – деді Ақтөбе жол дистанциясының жол шебері Мейіржан Шалқаров.

Аслан Хасанов Ақтөбе-2 станциясында екі жылдан бері өткел кезекшісі болып жұмыс істейді. Темір жол саласында 27 жылдан бері еңбек етіп жүр. 25 жыл жол монтері болған. Қырағы теміржолшының өзі әрекетін ерлік санамайды. Жай қызметтік міндеті екенін айтты. «Оқиға кешкі қарбалас уақытта, көліктердің үлкен кептелісі кезінде болды. Келе жатқан пойыз туралы ескертулеріме жүргізушілер құлақ аспады. Сол жерде көліктер соғысты. Ойланып тұруға уақыт болмады. Ең алдымен келе жатқан жүк көлігін тоқтату керек болды. Қауіптің алдын алу керек. Бұл – жұмыс, кезекшінің міндеті», – дейді Аслан Хасанов.

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы өткел кезекшісі Аслан Хасановты марапатқа ұсынды.

ОРТА ДӘЛІЗ: Еуразиялық байланысты нығайту



(Соңы. Басы 1-бетте)

ЕДҚҚБ-ның Орта Азия бойынша басқарушы директоры Жужанна Харгитаидың айтуынша, Орта дәліз түрлі елдердегі ірі өндірістік

орталықтарды байланыстырады және бағдар әлеуетін толық пайдаға асырып, «тар» орындарды жою үшін қатысушы елдердің ғана емес, сонымен қатар осы

бағдардағы басқа да негізгі елдердің өзара іс-қимылы қажет.

– Сарапшылар сессия тақырыбын толықтай ашып өз ойларын білдірді. Өте қызықты ұсыныстар да айтылды. Менің ойымша, бұл бағытта біздің болашағымыз зор. Негізгі күш тек көліктік ғана емес, сонымен бірге экономикалық дәліз құруға да жұмсалады. Оның үстіне бұл дәліз үнем мен қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан «жасыл» болуы керек. Бірнеше күн бұрын Құрық порты «жасыл» порт мәртебесіне ие болды. Бұған дейін бұл мәртебе Баку, Ақтау портында бар еді. Енді біздің жобаға қатысатын порттардың 75 пайызы Еуразия одағы стандарттары бойынша «жасыл» мәртебесіне ие болып отыр. Осы тұрғыда ҚТЖ Әзірбайжан мен Грузия

темір жолдары секілді ауаға көмірсутектің аз бөлінуі бойынша белсенді жұмыстар жүргізеді. Мәселен, Грузия теміржолдары 100 пайыз электрлендірілген, мұның ауаны ластануда көп көмегі бар, себебі олар энергияны экологиялық таза деп саналатын гидроэлектрлік станциялардан алады, – деді «ТХКБ» халықаралық қауымдастығының бас хатшысы Гайдар Әбдікеримов. Отырыс соңында сарапшылар ТХКБ-ны сәтті дамыту тарифтік және реттеуші режимді өзгертуді, инфрақұрылымның өткізу қабілетін дамытуды, үйлестіру жолдарын әзірлеуді, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың ынтымақтастығын қажет етеді деген пікірге келді.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ҚАҒАЗСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ: ТИІМДІ ӘРІ ТЕЗ



ЦИФРЛАНДЫРУ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы тасымалдау құжаттарын рәсімдеу кезінде қағазсыз технологияларды пайдалана отырып, теміржол көлігіндегі жүк тасымалының бизнес-процестерін автоматтандыру үшін цифрлы технологияларды қолдануға пәрмен беруде.

 **Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

Бүгінде барлық жүк жөнелтушілерге республикаішілік қатынаста тасымалдау құжаттарын электронды рәсімдеу процесі қолжетімді болып отыр. Яғни, клиенттер онлайн режимінде өтінімді толтырып, тасымалдау келісім-шарттарын жасай алады, жоспарларға электрондық сұраныстар жіберіп, жөнелтілімдерді рәсімдеуге, тауарларды қайта бағыттауға сұраныстар бере алады, сондай-ақ электрондық хабарламалармен алмасу функционалдық мүмкіндіктеріне қол жеткізе алады.

Қағазсыз технологиялар тұтынушылар мен станция жұмысшылары арасындағы тікелей байланысты барынша азайтуға көмектеседі, бұл өз кезегінде тұтынушылардың шағымдарын азайтып, адам факторының араласуын болдырмайды. Сонымен қатар, рәсімдеу кезіндегі қателерді азайтып, процедураның ашық болуын қамтамасыз етеді. Бүгінде бұл жүйеге 35 мыңнан астам клиент тіркелген. Олар өздеріне қолайлы кез келген уақытта кеңседен шықпай-ақ, онлайн тапсырыс беріп, өзі жөнелткелі отырған жүктің тасымал құнын алдын ала біле алады.

Мамандар сөзіне қарағанда, бүгінгі күні ішкі тасымалдауда қағазсыз технологияны қолдана отырып, электронды тасымалдау құжаттарын орташа тәуліктік өңдеу және есепке алу пайызы тасымалдау құжаттарының жалпы санының шамамен 97%-ын құрап отырған көрінеді. Бірақ бұл арада атап өтерлігі, онлайн рәсімдеу қауіпті және арнайы жүктер тасымалына қолданылмайды.

Сонымен, қағазбастылықтан құтылып, сандық жүйелерді енгізудің нәтижелері қандай деген мәселеге келсек, біріншіден, ақпараттық жүйелерді енгізу бизнес-процестерді айтарлықтай оңтайландыруға және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсартуға әкелді. Процесті автоматтандыру арқылы жүк жөнелтушілердің өтінімдеріне келісім беру уақыты 15 есеге, яғни 11 сағаттан 5 минутқа дейін, ал қайта жіберуге өтінімдерді беру уақыты екі күннен бір сағатқа дейін қысқартылды. Бұдан бөлек, тұтынушылар енді нақты уақыт режимінде жөнелту құжаттары мен олардың



жөнелтілімінің күйі туралы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болып отыр.

Әріне процестерді автоматтандыру – кезең-кезеңмен орындалып жатқан жұмыстар. Былтыр да Компания мамандары клиенттердің сұранысын қанағаттандырып, жоғары сапалы қызмет түрін қамтамасыз ету үшін процестерді жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастырды. Нәтижесі де жоқ емес. Ең маңызды жетістік – бұрынғы 97% көрсеткіштен 99,9% қолжетімділікпен өндірістік жүйелердің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етілді.

Өткен жылдың өнімді жұмыстарының бірі, ол Ресей темір жолдарымен PARTIN форматында жүк жөнелтушілердің/жүк алушылардың анықтамалықтарын автоматты түрде алмасудың жүзеге асырылуы болса, екіншісі, Қытай темір жол әкімшілігімен өнеркәсіптік режимде IFTMN, IFCSUM хабар алмасуының сәтті іске қосылуы. Бұл клиенттермен жұмыс істеу процесін жеңілдетумен қатар қызметтердің сапасын арттырады. Сондай-ақ екі ел арасындағы жүйелердің өзараәрекеттесу процесін шапшаңдатады.

2023 жылға арналған негізгі міндеттердің бірі – Компанияның бекітілген Стратегиясына сәйкес ҚТЖ ақпараттық жүйелерін жаңғырту бойынша жұмысты жалғастыру. Атап айтқанда биылғы жылы ҚТЖ мен оның еншілес компанияларына көрсетілетін қызметтер үшін Бірыңғай цифрлық терезе құру

жоспарлануда, бұл тұтынушылармен өзара әрекеттесуді жақсартуға және тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Келесі бір жоба, жолаушылар тасымалының ұлттық жүйесін құруға бағытталған. Бұл – екі жылды қамтитын жолаушылар теміржол көлігінің өндірістік бизнес-процестерінің барлық спектрін цифрландыруға арналған кешенді жоба.

Цифрлы жүйе контейнерлік тасымалға да дендеп енбек. Мәселен, жақын арада республикаішілік қатынаста қағазсыз технология бойынша контейнерлік жөнелтілімдерді рәсімдеу процесін жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл жүк жөнелтілімі үдерістерін шапшаңдатып, жұмыс тиімділігін арттыра түспек.

Биылғы жылдың басты міндеттерінің бірі, барлық дәрежедегі қауіпті жүктерді, сондай-ақ қағазсыз технологияны қолдану арқылы арнайы тасымалдау жұмыстарын рәсімдеу жұмыстарын аяқтау болып отыр. «Бұл жұмысымыздың қауіпсіздігін арттыруға және оны қоршаған ортаға зиянын азайтуға мүмкіндік береді» дейді мамандар.

Ағымдағы жылы басымдық беріп отырған негізгі шаруаның бірі ГҮ-23 жалпы формасындағы актілерді рәсімдеу процесін қағазсыз технологияға көшіру болып отыр. Бұл қағазбен толтырылатын құжаттарға кететін шығынды төмендетіп, экологияға оң әсерін тигізері сөзсіз.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖОЛ КҮТІМІ ЖАСАЛУДА



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша жазғы жол жөндеу жұмыстары қызған шақ. Бесарық – Сауран, Шорнақ – Түркістан және Жалағаш – Тереңөзек станциялары аралығында басталған жолды сауықтыру жұмыстары технологиялық талаптарға сай жүріп жатыр.

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші инженері Мейіржан Жүнісов жолдың бабын жасауға ауыр жол машиналары жегіліп жатқанын білдірді. Ербол Рустемов басқаратын Қырқыңшы машиналандырылған жол дистанциясының РМ-80, РМ-2002, ДУОМАТ, ПБР және ДПС типті жол машиналары жол төсемдеріндегі ластанған балласты тазалап қайта салу, қажет учаскелерде жолды көтеріп ұру жұмыстарын жүргізуде.

Дәл қазіргі уақытта ауа температурасы

+40° градустан жоғары болып тұр. Аппат ыстыққа қарамастан жол жөндеу жұмыстары таңалакеуімен басталып, аса ыстықта тоқтатып, бесін ауа кешкі уақыттағы салқынды пайдаланып қайта жалғастырып жүріп жатыр. Қауіпсіздік мәселесіне басты назар аударылып, жолшылардың қорғаныш заттарын пайдалануы қадағалануда екен.

Бөлімше бойынша күрделі жөндеуден өткен учаскелердің талапқа сай бабына келтірілуі сапасын жетілдірудің жол бөлімінің мамандары мен Қызылорда жол дистанциясының күрделі жол жөндеу жұмыстарын қабылдаушы Қайыржан Төлегенов бақылап, сараптамадан өткізуде.



Жолдардың технологиялық талапқа сәйкес бабын жасау арқылы қауіпсіздік қамтамасыз етілмек. Сондықтан жол техникаларының жұмысынан кейін телім бойын қызылордалық жолшылар қайта тексеріп, сенімділігін нығайта түсуде. Магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші инженері Мейіржан Жүнісовтің айтуынша, бір айға созылған Бесарық – Сауран, Шорнақ – Түркістан және Жалағаш – Тереңөзек станциялары аралықтарындағы жұмыс бүгінде аяқталуға жақын. Алдағы уақытта ауыр машиналар жұмысын Сексеуіл-Шалқар аралығында жалғастырады.

Суретті түсірген автор

Интервью

ВАЖНЫЙ АСПЕКТ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ КТЖ

Спорт и популяризация здорового образа жизни среди работников являются неотъемлемой частью социальной политики АО «НК «КТЖ». Заручившись поддержкой руководства, железнодорожники добиваются высоких наград и признания на соревнованиях разного уровня. О развитии корпоративного спорта и методах мотивации сотрудников мы поговорили с главным инженером АО «НК «КТЖ» – основателем спортивной команды КТЖ Railways team Батыром КОТЫРЕВЫМ.

– Батыр Куанышевич, вы личным примером мотивируете коллег заниматься спортом и вести здоровый образ жизни. На прошедшем в столице марафоне «Самрук-Қазына» к 15-летию фонда вы стали лучшим в своей категории на дистанции пять километров. И это лишь одно из ваших многочисленных спортивных достижений...

– В марафоне «Самрук-Қазына» приняли участие 232 работника нашей компании, в том числе иногородние. Приобщились к бегу и дети сотрудников. Это грандиозный охват, который не может не радовать. Что касается медального зачета, то и тут мы показали отличные результаты. Из 16 первых мест – четыре наших, из 15 вторых – три заняли железнодорожники, из 15 третьих – четыре «бронзы» у КТЖ. Это 11 призовых мест из 46 возможных. К слову, в соревнованиях приняли участие больше полутора тысяч специалистов из 22 портфельных компаний фонда. Поэтому вклад железнодорожников достаточно весомый. Успешное участие коллег в марафоне высоко оценил председатель правления АО «НК «КТЖ» Нурлан Сауранбаев и поставил задачи по дальнейшему развитию корпоративного спорта и поддержке спортсменов-железнодорожников.

– Руководство компании всегда уделяло особое внимание этому вопросу. Проводятся отраслевые соревнования по разным видам спорта, работникам предоставляются залы и необходимый инвентарь для тренировок. И результаты не заставляют себя ждать.

– Безусловно. У нас в компании много талантливых ребят, которые успешно участвуют в отраслевых, районных, областных и республиканских турнирах, а также прославляют страну на международной арене.

Вы знаете, что помимо того, что я курирую производственную безопасность и охрану труда в АО «НК «КТЖ», являюсь также основателем спортивной команды Railways team. Раньше она называлась Railways athletics

club и объединяла наших атлетов-триатлонистов. Сначала это был чат для обмена полезной информацией, методикой. Но в течение последних трех лет наша команда разрослась до более чем ста человек. Это преимущественно продвинутые спортсмены, которые представляют разные регионы и виды спорта. На примере Railways team могу сказать, что интерес к спорту у железнодорожников неподдельный.

Однако, чтобы занимать призовые места в различных массовых спортивных мероприятиях, одного интереса недостаточно, необходимо создавать условия для постоянного развития на каждом уровне управления – корпоративном, сетевом, региональном и линейном. Мы самая крупная компания в стране, мы должны поддерживать своих спортсменов. Это нужно понимать и региональным руководителям. На мой взгляд, на местах необходимо организовать спортивные клубы, помогающие сотрудникам регулярно заниматься физической культурой по месту работы.

– Какие шаги планируется предпринять для решения поставленных руководством задач по развитию корпоративного спорта?

– Мы обменялись мнениями по этому вопросу с коллегами-спортсменами и на начальном этапе определили пять основных направлений: стимулирование участия в спортивных мероприятиях, поощрение достижений в спорте, создание спортивных команд, организация тренингов и семинаров, индивидуальный подход к сотрудникам.

– Расскажите о каждом из них подробнее. К примеру, как планируется стимулировать работников на участие в соревнованиях?

– Отличным способом мотивации может стать оплата взносов за участие в соревнованиях по триатлону, марафонах, заплывах на открытой воде. Организация своих собственных состязаний или поддержка участия сотрудников в мероприятиях, проводимых на местном и республиканском



уровнях. Кроме того, компания может возмещать им часть стоимости фитнес-абонементов, чтобы работники занимались спортом в удобное для них время, и так далее.

– Поощрение достижений – еще один инструмент мотивации. Какие преференции будут предусмотрены для победителей и призеров состязаний?

– Можно разработать специальные программы для награждения сотрудников за достижения в спорте, такие как бонусы или организацию совместных тренировочных сборов. А чтобы показать признание и уважение к их заслугам, публиковать отчеты о достижениях на внутреннем портале КТЖ и других медиа-ресурсах.

– А что касается создания спортивных команд, как это будет выглядеть на деле?

– В компании может быть создана своя спортивная команда, в которую войдут лучшие спортсмены-железнодорожники. Она будет представлять КТЖ в различных соревнованиях и турнирах. Участие в региональных или республиканских спортивных командах поможет сотрудникам улучшить свои навыки в командной работе и лидерстве, укрепить корпоративный дух и повысить мотивацию.

К примеру, в этом году календарный план соревнований КТЖ «подстроили» под спартакиаду АО «Самрук-Қазына» среди дочерних организаций и предстоящий по ее итогам суперфинал. В связи с этим среди железнодорожников

будут проведены республиканские отборочные соревнования по 11 видам спорта. Они уже начались. Недавно мы провели состязания по плаванию. Лучшие спортсмены войдут в команду, которая представит КТЖ на спартакиаде «Самрук-Қазына».

– Расскажите также о планах по организации тренингов и в чем заключается индивидуальный подход к сотрудникам.

– Тренинги и семинары по спорту, на мой взгляд, позволяют улучшить свои навыки в выбранном виде спорта. Мы готовы приглашать профессиональных тренеров и специалистов, чтобы они проводили индивидуальные консультации, а также массовое обучение, поставили технику в том или ином виде спорта, помогли понять, как спортивные упражнения и тренировки могут повысить производительность труда работников и улучшить здоровье.

Поставив перед нами задачи по развитию корпоративного спорта, председатель правления АО «НК «КТЖ» Нурлан Сауранбаев подчеркнул: «Важно помнить, что каждый наш сотрудник индивидуален и может иметь разные интересы и потребности, поэтому и важен индивидуальный подход к каждому, вплоть до предоставления гибкого графика работы, чтобы они могли заниматься спортом в удобное для себя время».

– Батыр Куанышевич, спорт действительно стал неотъемлемой частью корпоративной культуры КТЖ. Почему, на ваш взгляд, его развитие в рамках компании так важно?

– Спорт и физическая культура – это не только здоровый образ жизни, но и эффективный способ повысить производительность труда и улучшить общую атмосферу в коллективе. Поэтому мотивация сотрудников на занятия спортом является важным аспектом корпоративной культуры КТЖ, включаются и себя ценностью, которые компания признает и пропагандирует. Спорт – это движение, а движение – это жизнь!

Беседовала Любовь РОВБА
Фото Александра ЖАБЧУКА

ЗОЛОТОЙ ФОНД ОТРАСЛИ



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынкөл – Хоргос



ВИЗИТ



Визит начался с презентации станции Алтынкөл, ветераны ознакомились с инфраструктурными объектами, современным оборудованием, с условиями труда. В свою очередь начальник станции Куаныш Жаксыбек рассказал о технологической работе, перспективах развития, а также о том, что открытие международного перехода Алтынкөл – Хоргос придало мощный импульс повышению экспортного и транзитного потенциала страны.

Полные искренности и тепла, ветераны поделились опытом, своими рабочими эпизодами, говорили напутственные слова молодым железнодорожникам, при этом подчеркивая, что любовь к профессии передается через поколения. Как сказал заслуженный ветеран отрасли Калтай Самбетов, непременно нужно передать свой «огонек» молодым железнодорожникам.

Приветствуя ветеранов, директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов отметил, что они являются золотым фондом отрасли, ценность труда, опыт, знания, профессионализм людей старшего поколения всегда останутся неизменными.

Бывший начальник Алматинского эксплуатационного локомотивного депо, ныне ветеран отрасли Даулет Казбеков не смог скрыть свое восхищение.

– Мне довелось посмотреть Алтынкөл, я очень рад, что увидел механизм работы всех подразделений, именно железная дорога дала новую жизнь степи, оживив пустыню и превратив ее в цветущий край, – отметил он.

Председатель совета ветеранов Алматинского региона Дуан Умаров, подчеркнул, что к пенсионерам-железнодорожникам всегда проявляют внимание, оказывают социальную помощь, в Коллективном договоре предусмотрен ряд социальных гарантий. А совет ветеранов проводит нравственно-воспитательную работу, сохраняя добрые традиции, где не теряется связь поколений.

В рамках визита ветераны также посетили Международный центр приграничного сотрудничества (МЦПС), побывали в музее, где прикоснулись к истории и культуре китайского народа.

Фото автора

К ЛЕТНИМ ПЕРЕВОЗКАМ ГОТОВЫ



Светлана МОГАЙ,
Караганда



СЕРВИС

Карагандинский участок Акмолинского филиала по ремонту пассажирских вагонов АО «Вагонсервис» (ЛВЧДР-12) получил сертификат доверия в области безопасности и охраны труда.

По словам председателя цехкома предприятия Анар Сыздыкбековой, работники ЛВЧДР-12 осуществляют техническое обслуживание в объеме ТО-1 пассажирских вагонов перед каждым отправлением в рейс в пункте формирования, в пунктах оборота и в пути следования, в объеме ТО-2, ТО-3, текущий отпочный ремонт, при котором производится замена колесных пар, автосцепок и других узлов.

– Работниками также производится экспировка пассажирских вагонов твердым топливом и водой, предоставление вагонов в аренду и ассенизаторская очистка вагонов, – говорит она.

С наступлением летнего сезона на предприятии проходит технический осмотр вагонов ТО-2 и ТО-3. В среднем рабочие обслуживают по четыре вагона в день.

Согласно установленному графику, с апреля по май вагоны готовят к летним перевозкам. В это время вскрываются окна, производится расконсервация систем охлаждения и вентиляции. Таким образом, при ТО-3 осуществляется единая техническая ревизия всех узлов с выкаткой тележки. Ко всему прочему, проводится промежуточная ревизия букс, гидравлических гасителей колебаний и самих тележек. Ни одно ТО-3 не обходится без ревизии тормозного, автосцепного, электрического, радиохолодильного оборудования и приводов подвагонного генератора. В ТО-3 также входят осмотр и ремонт внутреннего оборудования, систем водоснабжения и отопления, аккумуляторных батарей, частичная покраска тамбуров. При ТО-2 проводятся те же самые работы, только без выкатки тележки.

Как правило, в ремонтном процессе задействованы слесари по ходовой части, электрооборудованию и внутреннему оборудованию. На сегодняшний день в ТО-3 задействованы пять человек. Однако при необходимости привлекается дополнительная рабочая сила. В общей сложности в горячую пору трудится от 12 до 15 человек.

В настоящее время наблюдается горячая пора. Все работы ведутся в полном объеме. Это делается для того, чтобы с комфортом доставлять пассажиров в пункты назначения.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ-ның Орталық кеңесі және филиалдары «Қазкөліккәсіп» ҚБ Орталық кеңесінің Семей өңірі бойынша өкілі, Құрметті теміржолшы
Досанов Алик Тұрсынұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ПОЕЗД НЕ ОБЪЕДЕТ



Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Нахождение на путях скота или человека – вечная головная боль сотрудников стальной магистрали, стражей порядка, управлений образования и ветеринарии. К сожалению, никакие штрафы не в силах вразумить хозяев домашних животных не оставлять их без присмотра, риск остаться без конечностей или вовсе лишиться жизни не останавливает пешеходов, они продолжают пренебрегать правилами прохождения путей. Итог всегда плачевный. Приведем неутешительную статистику: в 2022 году допущено 78 случаев экстренных торможений из-за нахождения скота на пути, в том числе в 52 наезд предотвратить не удалось, в 28 фактах полицейским удалось установить владельцев животных и привлечь их к административной ответственности. Три человека пострадали из-за собственной безответственности. За пять месяцев 2023 года зарегистрировано 20 случаев экстренных торможений из-за нахождения скота на пути, в том числе в 18 фактах наезд предотвратить не удалось.



вратить не удалось. Несмотря на проводимую профилактическую работу, экстренные торможения не теряют своей актуальности.

– Одно из главных направлений профилактики – информационно-разъяснительная кампания. Мы провели 63 собрания на станциях и в школах, с жителями населенных пунктов о правилах нахождения на железнодорожных путях, семь рейдов совместно с транспортной полицией, проверяем участки, где наиболее часто зафиксированы экстренные торможения. Обновляем знаки «Служебный проход» и «Железная дорога – зона повышенной опасности», выявляем вероятные травмоопасные зоны на станциях с принятием мер по

их ограждению и установке знаков безопасности. В прошлом году построено 74,1 километра скотозащитной ограды, отремонтировано 38,7. В планах сейчас строительство скотозащитной ограды протяженностью 88 километров, реконструируем 27,8, – рассказал директор Павлодарского отделения магистральной сети Марат Жунусов.

В своем докладе главный ревизор РБ-3 Танырберген Кусаинов обратил особое внимание на участки железнодорожных путей Сары-Оба – Еркенишилик, Тургай – Селеты, Коктобе – Жумыскер, Жумыскер – Май, где происходит наибольшее количество экстренных торможений из-за безнадзорных домашних животных.

Фото автора

Спорт

АСЫҚ АТУ – ШЕБЕРЛЕР ОЙЫНЫ

Семейлік теміржолшылардың арасында ұлттық спорттық ойындардан жарыс өтіп жатыр. Жуырда кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен асық атудан ерекше сайыс өтіп, кіл «сұрмерген» шеберлерді анықтады.

Абай ЕРТИС,
Семей

Асық ату – еліміз бойынша ұлттық спорт түрлерінің қатарына қосылғанымен, ел шығысына енді ғана келіп жатыр. Теміржолшылар арасында да сайыс тұңғыш рет өткізілді.

Дәлдік пен шеберлікті қажет ететін асық ату ойынының өзіндік ережелері бар. Арнайы шақырылған төрешілер қауымы қойылар талапмен таныстырып өткен соң, ерлер мен әйелдер екіге бөлініп ойынды бастады. Бірнеше топ өзара сайысқа түсіп, жеңімпаздар іріктеліп отырды.

Басты міндет – сақамен дәл көздеп тізілген асықтардың бірін немесе бірнешеуін шеңберден шығарып жинау. Кім көп асық ұтып алады – сол жеңімпаз.

Әйелдер арасында асықты қолына алғаш ұстағандар да, бала кезден асықты серік еткен нәзік жандар да бар екен. Семей станциясы қызметкері



Гүлжан Қабдуллина бірінші орынды жеңіп алса, оның әріптесі Салтанат Қайрамбаева екінші орынды иеленді. Жалпы, станция қыздары ұлттық спорттың осы түрінен басым екендіктерін ойын барысында дәлелдеп үлгерді. Сол тәрізді НЖС-6 қыздары мен Әйгерім Тоқпанова бастаған «Транстелеком» АҚ Семей филиалының қыздары да ұлттық спорттың осы түрінен оларға шебер бәсекелес бола білді.

Ал ерлер арасында алдына қара салмаған Семей вагон

пайдалану депосының теміржолшылары болды. Бірінші орынды Абылай Амангелдин иеленсе, екінші орынға оның әріптесі Мұрагер Қасымханов лайық деп танылды. Барлық жеңімпаздар кәсіподақ ұйымы тарапынан әзірленген ақшалай сыйлық пен арнайы марапат қағаздарын иеленді. Енді барлық жеңімпаздар алдағы уақытта Көкшетау өңірінде өтетін республикалық сайыста Абай елінің намысын қорғайтын болады. Олар жаттығуды қазірден бастап кетті.

Суретті түсірген автор

ЭТНОКОЛОР СОРЕВНОВАНИЙ

Впервые железнодорожники предприятий Семейского отделения грузовых перевозок, АО «Dosjan temir joly», ТОО «СпецСервис-Құрылыс», Семейского отделения магистральной сети в Усть-Каменогорске провели турниры по тоғызқұмалақ и асық ату.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Для того чтобы сразу повысить планку, представители ФСК «Локомотив» пригласили в судейство настоящих профессионалов – мастера спорта по гиревому спорту и асық ату Амантая Султана и старшего тренера ВКО по тоғызқұмалақ Бахытбека Оразаманова.

– Тоғызқұмалақ – это интеллектуальная игра, схожая с шахматами, и один из самых популярных видов спорта в Казахстане. В следующем году в нашем городе пройдет юношеский чемпионат Казахстана по тоғызқұмалақ, в котором примут участие около 600 человек, – рассказал Бахытбек Оразаманов.

Асық ату – тоже знаменитая и древняя казахская национальная игра, но в ней используют части костей животных. По словам специалистов, она полезна для физического развития детей и взрослых.

– В этом году в программу летней спартакиады «Самрук-Қазына», которая пройдет с 26 по 30 июня в городе Шучинске, на станции Боровое, включили эти два вида спорта. Теперь мы набираем людей для нашей сборной. С этой целью проводим такие турниры в Усть-Каменогорске, – рассказал инструктор-организатор ФСК «Локомотив» Арман Зайнолдинов.

В соревнованиях по асық ату первое место занял Айдос Каптағаев из Оскеменского эксплу-



атационного локомотивного депо, второе место – Дастан Ибекенов, третье – Рахат Сейлханов. Оба являются работниками станции Оскемен-1.

В турнире по тоғызқұмалақ среди женщин победительницей стала начальник бухгалтерского отдела Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24) Салтанат Махабаева. Среди мужчин на первом месте начальник участка Защитинской дистанции сигнализации и связи Біржан Копанов. На втором месте – мастер производственного обучения ВЧД-24 Аслан Жаугашев. Третье место занял электромонтер СЦБ ТОО «СпецСервис-Құрылыс» Сағдат Жолдыбаев.

Победителей и призеров наградили дипломами и денежными призами. Какие они все-таки молодцы!

Фото автора

ТАСТАЯҚТАН ТУРНИР ӨТУДЕ

Сырбойылық теміржолшылар арасында бильярдтан турнир өтіп жатыр. Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының ұйымдастыруымен қолға алынған спорттық сайыс аймақ бойынша ең кемі тораптық үш станцияда өткізілмек.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы


Бүгінде Сексеуіл және Қазалы станцияларында үздіктерді анықтап, ең мықты деген ойыншыға берілетін жолдаманы сарапқа салып үлгерді. Яғни Сексеуіл торабында өткен турнирде Сексеуіл локомотив пайдалану депосының қызметкері, «ТЧЭ-36» командасының мүшесі Рақымжан Құлжанов пен Сексеуіл жол дистанциясының қызметкері, «ГПЧ-59» құрамасының ойыншысы Аманжол Құлжанов жеңіс тұғырына көтерілген болатын. Жалпы бильярд ойыны қолына кийі ұстаған кез-келген адам ойнап кете беретін ойын емес. Оған ерекше икем мен шеберлік керек. Техникалық, геометриялық дайындық,

философиялық жігер, математикалық дәлдікті қажет ететін ойын түрін тәп-тауір меңгерген теміржолшылар аймақта жетерлік екеніне турнир барысында көз жеткіздік.

Салалық турнирдің Қазалы станциясындағы додасына 4 құрама команданың теміржолшылары қатысып, мұнда да үздіктерді анықтау үшін қызу ойын болды. Турнирге Қазалы вагон пайдалану депосының «ВЧД-6», Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының «ШПЧ-40», Қазалы жол дистанциясының «ПЧ-60», Қазалы электрмен жабдықтау дистанциясының «ЭЧ-26» құрама командалары қатысты. Жүлделі 1-орынды Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының инженер-экологы Қуандық Төлемісов иеленді. 2-орынды Электрмен жабдықтау дистанциясының электромонтері Мейрамбек Ағасылов жеңіп алды. 3-орын Жол дистанциясының инженері Нұрлан Тағыбергеге тиесілі болды.

– Жүлделі үш орынға да бағалы сыйлықтар мен дипломдар табысталды және басқа командаларды да ескерусіз қалдырмай, жұбаныш сыйлықтар берілді, – дейді Қазалы жол дистанциясы кәсіподақ ұйымының төрағасы Дастан Әбішев.

Суретті түсірген автор



ТҮРКІСТАНДЫҚ ТЕМІРЖОЛШЫ

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

Локомотив саласының маманы еңбек жолын 1981 жылы депода слесарь болып бастаған кезін сағынышпен еске алады. «Қамсыз, мұңсыз бозбала шақта бүкіл өмір алдында сияқты. 42 жыл уақыт қалай өтіп кеткенін де сезбей қалдым, тағы үш жылда зейнетке де аттанамыз. Кіндік қанымыз тамған осы қасиетті қалада туып өсіп, еңбек етіп, отбасын құрып, бала-шаға өсірдік, тағдырыма өкпем жоқ. Егер өмірді қайтадан бастар болсам тағы да теміржолшы мамандығын таңдаған болар едім», – дейді кейіпкеріміз.

Слесарь болып бастап бас инженер лауазымына дейінгі еңбек жолынан өткен тәжірибелі теміржолшы қазіргі таңда ТЧЭ-33 локомотив пайдалану депосында жөндеу бақылау бөлімінің басшысы.

– Кез келген жұмыстың қызығы мен қиындығы жетеді, мен де дайын теміржолшы боп туған жоқпын, алдымдағы аға буыннан көп үйрендім, әсіресе слесарлық қызметім маған көп нәрсе үйрет-



ті дер едім. Бұрын теміржолда жақсы бір дәстүр болды, қолында табақтай дипломың болса да жұмысты ең төменгі лауазымнан бастайтынсың. Сонда сатылай өсіп, барлық кәсіпті меңгересің. Мен өзім үлкен көп балалы отбасыда дүниеге келдім. Әкем Ұлы Отан соғысы ардагері, қатал болды. Соғыстан келген соң Түркістан станциясында көлік милициясының басшысы болды. Кейінгі жылдары интернат директоры болып зейнетке шыққанша бала тәрбиесімен де айналысты. Нағыз

ұстаз болатын, өз баласы ма, елдің баласы ма, бөле-жармай бірдей тәрбие берді. «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, әкем интернатта оқыған балаларды оқуға жіберіп, жұмысқа орналасуына көмектесіп, көп қолдау жасайтын. Елге абыройлы болған соң шығар, әкеме Түркістан қаласында көшенің аты берілген. Ал анам бала тәрбиесімен айналысқан қарапайым қазақтың әйелі болды. Ата-анамыз бойымызға дарытқан адалдық пен қарапайымдылықты бүгінде өз ұлдарыма сіңіруге тырысамын, – деп ағынан жарылды мерейтой иесі.

Жары Айгүлмен 3 ұл тәрбиелеп өсірген теміржолшының тұңғышы әке жолын жалғастырған, Нұрсұлтан Түркістан локомотив пайдалану депосының өндірістік бөлім бастығы, биылғы «100 жас есім» жобасының қатысушысы, екінші ұлы Абылайхан дәрігер болса, үшінші ұлы Төлебі – жеке кәсіпкер.

Жуырда депо басшылығы Бауыржан Баймаханұлын 60 жылдығымен құттықтап, теміржолдың локомотив саласына сіңірген еңбегі үшін арнайы марапаттады.

Суретті түсірген автор

Социум

ЛЕТО – ЭТО МАЛЕНЬКАЯ ЖИЗНЬ

Начало летних каникул для детей уральских железнодорожников стало праздничным.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

Первичные профсоюзные организации филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» и Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону, в том числе первички Уральской дистанции пути, дистанции сигнализации и связи, локомотивного эксплуатационного депо и эксплуатационного вагонного депо организовали праздник на привокзальной площади с вручением дипломов и призов победителям конкурса рисунков и сладким фуршетом. Дети из малоимущих семей и дети с ограниченными возможностями



получили подарки от профсоюзных организаций, а также некоторым малоимущим семьям оказана материальная помощь согласно Коллективному договору.

В качестве подарков были приобретены развивающие игры, спортивный инвентарь, наборы для творчества, а также сладости и соки. Аниматоры в костюмах популярных мультяшных персонажей – Чебурашки, Эми Роуз, Соника и Тиктошки – провели незабываемые состязания и игры на свежем

воздухе, подарив почти 70 юным железнодорожникам настоящий праздник. А шоу мыльных пузырей не оставило равнодушными и самых маленьких участников праздника.

– Самая главная награда для нас – счастливые улыбки детей. Профсоюзные организации делают все, чтобы дети наших работников за лето хорошо отдохнули и окрепли, – отметил председатель профсоюзного комитета Уральского узла Эдил Алыпсоков.

Фото автора

ДОЛЖНЫ СМЕЯТЬСЯ ДЕТИ

Яркая праздничная программа «Детство – это я и ты» прошла на площади Дворца культуры железнодорожников станции Караганда-Сортировочная.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В начале мероприятия ребята поздравили председателя Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, председатель первичной организации Профсоюза филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделения ГП» Галы Ермековбаев, заместитель директора по профильному обучению СОШ № 85 Елена Смирнова. Из их уст прозвучали теплые пожелания в адрес маленьких представителей общества.

– Очень важно, чтобы каждый ребенок был здоров и окружен

заботой родителей. Пусть небо над головой всегда будет мирным, а каждый новый день – добрым и интересным, – сказали они.

В этот день организаторы программы провели различные творческие мероприятия: выставку меловых рисунков «Детство – это радость»; рисунки на бумаге «Детство – волшебная страна»; парад колясок, велопарад «Мы встречаем лето». Также для ребят была организована дискотека «А ну-ка, детки!» На площадке под энергичную популярную музыку ребята смогли продемонстрировать свои танцевальные способности. На протяжении всей праздничной программы звучали шутки и смех,



а значит, у каждого ребенка было хорошее настроение.

В заключительной части мероприятия победителям конкурсов и школьных олимпиад, отличникам и активистам в спорте и творчестве были вручены подарки от Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс», первичной организации «Казпрофтранс» Карагандинского отделения ГП. Призы для ребят также подготовил главный имам мечети Ақыт қажы Мамбар Жанарбек.

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.